

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1755 Қаулысы . Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1130 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) туралы ереже бекітілсін.

2. Агенттікте төрағаның үш орынбасары, соның ішінде бір бірінші болуға р ұ қ с а т е т і л с і н .

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.13. N 703 қаулысымен.

3. Агенттік заңдарда белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрынғы қабылдаған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізісін.

4. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 1 9 9 9 ж ы л ғ ы
1 9 қ а р а ш а д а ғ ы N 1 7 5 5
қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Туризм және спорт
жөніндегі агенттігі туралы**

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, туризм,

спорт және дене тәрбиесі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын заңнамаға сәйкес мемлекеттік басқару, бақылау және үйлестіру функцияларын орындауға уәкілетті орталық атқарушы орган болып табылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.09.19. N 953 қаулысымен.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Егер Агенттікке заңдарға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқылы.

4. Агенттік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күші болатын бұйрықтар шығарады.

5. Агенттік туралы ережені және оның штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Агенттіктің заңды мекен-жайы:

7. Агенттіктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Агенттіктің қызметін қаржыландыру тек қана республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Агенттіктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан Агенттіктің кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қарым-қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Агенттікке заң актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Агенттіктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) туризм, спорт және дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) Қазақстан Республикасында туризм, спорт және дене тәрбиесін дамыту,

спорт резервтері мен халықаралық деңгейдегі спортшыларды дайындау;

3) туризм, спорт және дене тәрбиесі саласындағы заңдарға талдау жасау және оларды қолданудың тәжірибесін қорытындылау, оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, өз қызметі саласындағы заңдарды және нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

4) туристік қызмет көрсетулердің отандық рыногын зерделеу, талдау, болжау және реттеу;

5) туризм, спорт және дене тәрбиесін материалдық-техникалық базасын жасау мен нығайтуға және олардың инфрақұрылымдарын дамытуға қатысу;

6) туризм мен спорт қозғалысын насихаттау сондай-ақ өз құзыреті шегінде туризм, спорт және дене тәрбиесі саласындағы ақпараттық-жарнамалық және баспагерлік істі дамыту;

7) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасында және шет елдерде туризм, спорт және дене тәрбиесі үшін мамандарды даярлауды ұйымдастыру, олардың біліктілігін арттыру;

8) туристік іс-шараларды, спорт түрлері бойынша жарыстарды және Олимпиадалық, ұлттық және халықтық спорт пен ойындардың түрлері бойынша кешенді іс-шараларды өткізу.

11. Агенттік Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) туризм, спорт және дене тәрбиесі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады, мемлекеттік, перспективалық, ағымдағы және нысаналы бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

1-1) туризм, спорт және дене тәрбиесі саласындағы мемлекеттік бақылау функциясын жүзеге асырады;

2) туризм, спорт және дене тәрбиесі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді, туризм, спорт және дене шынықтыру саласындағы халықаралық және аймақаралық шарттардың, үкіметаралық келісімдердің жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

3) өз құзыретінің мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметін үйлестіреді, сондай-ақ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен туризм, спорт және дене тәрбиесін өзекті проблемаларын іс жүзінде шешуге қатысты мәселелер жөнінде өзара іс-қимыл жасайды;

4) туризм, спорт және дене тәрбиесі саласына, соның ішінде туристік және спорт өнімдерін өндіруді дамыту үшін инвестицияларды тарту жөніндегі бірыңғай саясатты қалыптастыруға және оны іске асыруға қатысады;

5) спорт, дене тәрбиесі саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады

және үйлестіреді, олардың нәтижелерін спорт пен дене тәрбиесі практикасына енгізеді; < * >

6) өз құзыретінің шегінде халықаралық, аймақаралық және ішкі туристік және спорттық байланыстарды жүзеге асырады;

7) өз құзыреті шегінде ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларымен, мамандармен, жетекші жаттықтырушылармен және спортшылармен келісімшарттар жасасады;

7-1) туризм, дене тәрбиесі және спорт саласындағы кадрларды даярлауды, қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және кадрларды аттестаттаудың тәртібін айқындайды; <*>

8) туристік тауарлар мен қызмет көрсетулердің, спорт тауарларының республикалық көрмелерін дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ өз құзыретінде ақпараттық-баспагерлік және жарнамалық қызметті жүзеге асырады;

9) мемлекеттік спорт ұйымдарына ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

10) ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың туризмді, спорт пен дене тәрбиесін дамыту мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді;

11) басқа да мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп ұйымдастырылған спорт шараларының жоспарын үйлестіреді, спорт шараларының, жарыстарының бірыңғай күнтізбелік жоспарларын жасайды;

11-1) дене тәрбиесі және спорт жөніндегі қоғамдық бірлестіктер ұйымдастыратын спорттық соның ішінде халықаралық, іс-шараларды өткізуді келіседі; < * >

12) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын туристік, спорттық шаралардың, жарыстардың өткізілуін бақылауды жүзеге асырады;

12-1) спорттық мүкәммалдар мен жабдықтар жасау, спорттық құрылыстарды салу жөніндегі қызметті үйлестіреді; <*>

12-2) өз құзыретінің шегінде спорттық және туристік объектілерді пайдалану мен оларға техникалық қызмет көрсету ережелерінің сақталуын, спорттық құрылыстардың өту қабілеттілігі нормаларының сақталуын, спорт құрылыстарын пайдалануға қабылдап алуға және оқу-жаттығу сабақтары мен спорттық ойын-сауық іс-шараларын өткізуге дайындық актілерінің жасалуын бақылауды жүзеге асырады; < * >

13) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын даярлауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, олардың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің, әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарына, Азия, Олимпиадалық және Параолимпиадалық ойындарға, әлем және Азия Кубоктарына, басқа да халықаралық жарыстарға қатысуын

қ а м т а с ы з

е т е д і ;

< * >

13-1) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командаларының мүшелерін ресми халықаралық жарыстарға дайындайды және қатысу кезінде мемлекеттік қаражат есебінен біржолғы сақтандыруды жүзеге асырады ; < * >

13-2) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командаларының мүшелері республикалық жарыстарда жарақат алған және мертіккен кезде мемлекеттік қаражат есебінен өтемақы төлеуді жүзеге асырады; < * >

13-3) спорт жарыстарын өткізу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын қолдану тәртібін айқындайды, спорттық костюмдер мен басқа да спорттық керек-жарақтарды ресімдеу кезінде "Қазақстан Республикасының құрама командасы" деген атауды пайдалануға рұқсат береді; < * >

14) мүдделі органдармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп спорт резервтерін даярлау жөнінде жұмыс жүргізеді, спорт клубтары, мектептері және ғимараттары, олимпиадалық дайындық орталықтары жүйелерінің дамуын, сондай-ақ оларда оқу-жаттықтыру процесі мен допинг-бақылауды ұйымдастыруды үйлестіреді;

15) ведомстволық статистикалық есеп беруді жүзеге асырады, туристік қызметтің, спорт пен дене тәрбиесінің негізгі көрсеткіштері бойынша статистикалық деректерді талдайды және мемлекеттік статистика органдарына қорытынды материалдар ұсынады;

15-1) туристік агенттік қызметті, туристік операторлық қызметті, экскурсиялық қызметті, туризм нұсқаушысының қызметін көрсетуді лицензиялауды жүзеге асырады;

15-2) дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялауды, дене тәрбиесі мен спорт жөніндегі қызметті жүзеге асыратын республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеуді жүзеге асырады ; < * >

15-3) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, туризм, спорт және дене тәрбиесі саласындағы сертификаттауға және стандарттауға қатысады; <*>

15-4) азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бірлесіп, спорттық медицинаны дамытады; <*>

16) Қазақстан Республикасының заңдарымен өзіне жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырады .

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ 15)-1 тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.07. N 179 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 15)-1 тармақша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.14. N 1213

қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.19. N 953 қаулысымен.

12. Негізгі міндеттерін іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында Агенттік заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыреті шегінде туризм, спорт және дене тәрбиесі мәселелері жөнінде ережелер, қағидалар, нұсқаулықтар, регламенттер және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеуге және бекітуге;

1-1) туристік және спорттық құрылыстарды пайдалану жөніндегі талаптарды, туристік, спорттық іс-шараларды, оқу-жаттығу процесі мен спорттық жиындарды өткізу кезінде оларды жарактандыру нормативтері мен техника қауіпсіздігі ережелерін белгілеуге, спорттық құрылыстардың жіктемесіне сәйкес санаттар б е р у г е ; < * >

1-2) тұрғын аудандарды, әкімшілік ғимараттарды, мектепке дейінгі мекемелер мен оқу орындарын қолданылып жүрген қала құрылысы нормаларының негізінде спорттық құрылыстармен қамтамасыз етудің нормативтерін әзірлеуге; < * >

2) өз құзыреті шегінде туризм, дене тәрбиесі және спорт саласында халықаралық шарттарды әзірлеуге, жасасуға және орындауға халықаралық спорттық және туристік ұйымдарда Қазақстанды білдіруге және халықаралық спорттық және туристік іс-шараларға қатысуға; < * >

2-1) спорттық және туристік нышандарды (эмблемаларды, жалауларды, вымпельдерді, белгілерді) әзірлеуге, бекітуге және оларды пайдалану тәртібін б е л г і л е у г е ; < * >

3) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдардың туризм, спорт және дене тәрбиесі саласындағы қызметін үйлестіруге, туристік және спорттық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға, туризм, спорт және дене тәрбиесі саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуына жауап беретін облыстық, Астана және Алматы қалалық бөлімшелеріне әдістемелік басшылықты қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

4) туризм мен спортты дамыту бағдарламаларын әзірлеуге және оны іске асыруға қатысуға, нысаналы бағдарламалар мен жобаларға бөлінетін республикалық бюджеттің қаражатын бөлу жөнінде ұсыныстар енгізуге, олардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

5) туризм, спорт және дене тәрбиесі мәселелерін және салалардың әлеуметтік-экономикалық жоспарларын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысуға;

б) кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекітуге және үйлестіруге, симпозиумдар, конференциялар,

семинарлар, оқудың басқа да нысаналарын және туризм, спорт және дене шынықтыру жөніндегі мамандармен тәжірибе алмасуды ұйымдастыруға;

7) халықаралық, республикалық және аймақаралық туристік іс-шаралар, спорттық жарыстар мен жиындар өткізуге;

8) спорт түрлері бойынша жарыстар өткізу ережелерін және нұсқаушылық-әдістемелік жиындар өткізу жөніндегі нұсқаулықтарды, спорт түрлерінің спорттық біліктілік ережелерін, бағдарламалық-әдістемелік құжаттарды бекітуге;

8-1) спорттағы допингке қарсы іс-шаралардың өткізілуін бақылауды жүзеге асыруға; < * >

9) бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, теңгемен және шетел валютасымен:

материалдық қамтамасыз етуге, соның ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық штаттық командаларына қабылданған спортшыларды тамақтандыруға, спортшыларды фармакологиялық қалпына келтіру құралдарымен қамтамасыз етуге, Олимпиадалық, Параолимпиадалық, Азия, Шығыс Азия ойындары мен басқа да халықаралық жарыстарға қатысушылар үшін тәуліктік шығыстарға;

спорттық іс-шараларға қатысушыларды көтермелеуге арналған қаражатты жұмсау нормаларын әзірлеуге және бекітуге; < * >

10) Олимпиадалық және Азия ойындарына дайындық кезінде жетекші спортшылармен және жаттықтырушылармен келісім-шарттар жасасуға; < * >

11) көтермелеудің салалық жүйесін әзірлеуге және бекітуге, туризм, спорт және дене тәрбиесі саласында арнаулы құрметті атақтарды, спорттық атақтар мен разрядтарды, төрешілік санаттарын, дене тәрбиесі мен спорт қызметкерлеріне санаттар беруге; спортшылар мен туристік және спорттық ұйымдардың қызметкерлерін, республикалық спорттық және басқа да іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін медальдармен, белгілермен, дипломдармен, грамоталармен, сыйлықтармен наградтауға; < * >

12) консультациялар мен сараптама жүргізу үшін орталық, жергілікті атқарушы органдардың, басқа да ұйымдардың мамандарын тартуға;

13) туризм, спорт саласындағы неғұрлым маңызды проблемаларды шешу және қызметті үйлестіру үшін ведомствоаралық, ғылыми-әдістемелік және сараптамалық кеңестер, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерінен, халықаралықтарын қоса, жұмыс топтарын құру жөніндегі ұсыныстар енгізуге;

14) Агенттікке ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға басшылық жасауға және олардың жарғыларын бекітуге, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығының субъектісі функциясын жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен акционерлік қоғамдар акцияларының

пакеттеріне иелік етуді және пайдалануды жүзеге асыруға;

15) Агенттікке ведомстволық бағынысты ұйымдарды құру қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

16) Агенттікке заңдармен жүктелген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға
қ ұ қ ы л ы .

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.19. N 953 қаулысымен.

3. Агенттіктің мүлкі

13. Агенттіктің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

14. Агенттікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Агенттіктің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік жүргізуге құқығы жоқ.

Агенттікке заңдарда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік жүргізу құқығы берілуі мүмкін.

4. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

16. Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Агенттік төрағасының Қазақстан Республикасының Үкіметі Агенттік төрағасының ұсынуымен қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

17. Төраға Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларының жүзеге асырылуы үшін жеке жауап береді.

18. Агенттік төрағасы осы мақсатта:

1) Агенттіктің құрылымын, штат кестесін, сондай-ақ Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

2) өзінің орынбасарлары мен Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының өкілеттігі мен міндеттерін белгілейді;

3) заңдарға сәйкес Агенттіктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және
қ ы з м е т т е н б о с а т а д ы ;

4) заңдарда белгіленген тәртіппен және өз құзыретінің шегінде Агенттіктің қызметкерлерін көтермелеу, оларға материалдық жәрдем беру мәселелерін шешеді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

5) Агенттіктің бұйрықтарына қол қояды;

6) мемлекеттік мекемелерде, өзге де ұйымдарда Агенттіктің атынан өкілдік
е т е д і ;

7) ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

8) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Агенттіктің төрағасы жанынан консультациялық-кеңесші орган болып табылатын алқа құрылады. Алқаның сандық және жеке құрамын Агенттіктің төрағасы бекітеді.

5. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 1 9 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 7 5 5 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күші жойылған кейбір шешімдерінің
Тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Спорт және дене тәрбиесі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 мамырдағы N 539 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 жыл, N 17, 183-құжат);

2. "Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 маусымдағы N 843 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 жыл, N 28, 273-құжат);

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 қаулысымен бекітілген, Үкіметтің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 25-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 жыл, N 40, 343 құжат);

4. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1264 қаулысымен бекітілген, Үкіметтің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 жыл, N 43, 391-құжат).

